

А.Б. Әзімбек
Т.С. Сламбекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: aidan_1995.kz@mail.ru1, tolkyn_1969@mail.ru2)

Волонтерлық іс-әрекет: шетелдік және қазақстандық тәжірибе

Аңдатпа. Мақалада теориялық және эмпирикалық талдау негізінде еріктілер қозғалысының қазақстандық және шетелдік тәжірибесі қарастырылып, Қазақстан Республикасында ұйымдастырудың заманауи мәселелері сипатталады, жастардың еріктілікке қатынасы және оны одан әрі дамыту перспективалары анықталады. Волонтерлық іс-әрекеттің пайда болу тарихы, даму тенденциялары, құқықтық реттеу, халықаралық волонтерлік ұйымдарының қызметі, шетелдегі волонтерлік феномені қарастырылды.

Дүниежүзілік заңнамалық құжаттарды талқылау арқылы волонтерлық іс-әрекеттің дүниежүзіндегі, еліміздегі рөлі мен орны көрсетілді. БҰҰ мен ЮНЕСКО дүниежүзілік ұйымдары аясында ұйымдастырылған еріктілер ұйымдарының қызметі талданды. Еліміздегі аталған қозғалыстың пайда болуы мен дамуының бастамасы ретінде «Асар» ұғымының мәні ашылып, даму кезеңдері көрсетіледі.

Зерттеу барысында теориялық, эмпирикалық (сауалнама, анкета) әдістері қолданылып, нәтижелері контент анализ арқылы анықталды. Нәтижелер талданып, түсініктеме берілді.

Түйін сөздер: волонтерлық, асар, азаматтық қоғам, әлеуметтік көмек, әлеуметтік қолдау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-137-4-176-183>

Кіріспе

Бүкіл әлемде волонтерлық (еріктілік) барған сайын өзекті бола түсуде, ол бейбітшілікті қамтамасыз етудің, адамның өмір сүру сапасын дамыту мен жақсартудың негізгі ресурстарының біріне айналууда.

«Волонтер» ұғымы латынның «voluntarius» — «волонтер» немесе «қалаған» сөзінен шыққан. БҰҰ еріктілер бағдарламасының анықтамасына сәйкес, ерікті қызмет «Ақшалай сыйақы негізгі ынталандырушы фактор болып табылмайтын өз еркімен және бүкіл қоғамның игілігі үшін жүзеге асырылатын қызмет түр-

лерінің кең спектрін» қамтиды. Ол, әлеуметтік көмектің кез келген түрін ерікті түрде, тегін жүзеге асыратын адам деп түсіндірсе, француз сөздігінде волонтерлық іс-әрекет- әскери қызметке өз еркімен баратын, қоғамға қызмет етуші тұлға деп анықтама береді [1].

Еріктілікті дамытудың әлемдік тәжірибесі XX ғасырдың басында бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін бейбітшілікті қалпына келтіру қажеттілігімен тығыз байланысты. Осы кезеңде Волонтерлік қызметті жұмыс лагерлері мен миссионерлік қызметтер жүргізді. «Халықаралық азаматтық қызмет» (Service Civil International) алғашқы бейбіт және гу-

манитарлық еріктілер қозғалысының бірі 1920 жылы құрылды. Бұл ұйымның алғашқы жобасы Франция мен Германия арасындағы татуласудың символы болған Францияның қираған Эсна-Ан-Аргон ауылын қалпына келтіруге бағытталған болды.

Содан бері волонтерлік қызмет барлық салаларды қамти отырып, дүниежүзілік танымалдылыққа ие болды. 1934 жылы алғашқылардың бірі болып SCI кедейлерге көмектесу үшін Үндістанға төрт еуропалық еріктілерді жіберді. Бұл команда British Volunteer Programme сияқты ұйымдардың және ұзақ мерзімді волонтерлік акциялар өткізетін басқа топтардың бастаушысы болып, аталған ұйымдар өз кезегінде БҰҰ волонтерлік бағдарламасының алғышарттарын қалады.

Мәселенің талқылануы

Волонтерлік іс-әрекет әлемдік деңгейде нормативтік құқықтық жағы қарастырылып, дүниежүзілік құжаттармен бекітілген. Волонтерлық қызмет бойынша алғашқы заңнамалық құжаттардың бірі 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының үшінші сессиясында қабылданған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларацияның 29-бабының 1 тармағында: «Әр адамның, адам баласының еркін және толық кемелденуіне мүмкіншілік беретін қоғам алдында міндеттері бар» -деп қоғамдық қызмет пен міндетті ерекше атап көрсетеді[2].

Азаматтық қоғамды құрудың негізі ретінде волонтерлықтың іргелі рөлін негіздейтін негізгі принциптер ерікті қозғалысты дамыту тәжірибесіндегі негізгі тұжырымдамалық құжаттардың бірі – волонтерлардың жалпы декларациясында тұжырымдалған. Волонтерлардың жалпы декларациясы 2001 жылы Амстердамда Волонтерлардың халықаралық қауымдастығының XVI Дүниежүзілік конференциясында қабылданып 2001 жыл «Еріктілер жылы» деп жарияланған болатын.

Волонтерлікті (еріктілікті) қолдау жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, келесі маңызды құжат БҰҰ Бас Ассамблеясының 56 сессиясында 2002 жылғы 10 қаңтарда қабылданған БҰҰ А/RES/56/38 қарары болып табылады.

Аталған құжатты қабылдау әлемдік қоғамдастықтың еріктіліктің, оның ішінде дәстүрлі өзара көмек пен өзіне-өзі көмектің дәстүрлі формаларын, қызметтерді ресми ұсынуды және азаматтық қатысудың басқа түрлерін қоса алғанда, әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан құнды үлесін мойындаумен негізделген. Жалпы қоғамның және еріктілердің өздері үшін пайда. Волонтерлік - бұл кез-келген стратегияның маңызды құрамдас бөлігі, атап айтқанда әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған.

Құжаттағы негізгі бағыттардың бірі мемлекеттік деңгейде волонтерлікті қолдау шаралары бойынша ұсыныстар мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық жұмысындағы еріктіліктің маңызды үлесі туралы қоғамға дәріптеу.

Волонтерларды қорғауды кепілдендіру және оларды жалдамалы қызметкерлерден ажырату үшін волонтерлық қызметті құқықтық реттеу қажеттігі туындады. Еріктілер тікелей немесе жанама түрде еңбек, салық және азаматтық-құқықтық жауапкершілік заңдарына бағынады. Әр ел өзінің әлеуметтік, мәдени және экономикалық жағдайларына байланысты еріктілерді реттеудің өзіндік моделін табуы керек. Осы тұрғыда көптеген еуропалық елдерде және АҚШ-та заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар түрінде волонтерлік қызметті құқықтық реттеу бойынша мемлекеттік заңнамалық құжаттар қабылдады.

Еріктілерді қолдау, дамыту жұмысындағы ең белсенді мемлекеттердің бірі -АҚШ. XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап АҚШ президенті Франклин Рузвельт жұмыссыздық деңгейін төмендету және табиғи ресурстарды сақтау мақсатында «Азаматтық қоршаған ортаны қорғау корпусы» (Civilian Conservation Corps) еріктілер ұйымын құрған кезден бастап, АҚШ-та волонтерлық қызмет қарқынды дами түсті. Ел тарихында 1933-1942 жылдарға арналған қоршаған ортаны сақтау бойынша мемлекеттік бағдарламаға шамамен 3 млн. жастар қатысып, ең табысты болған еріктілер бағдарламасы болған[3].

АҚШ-тағы еріктілікті дамытудың маңызды кезеңі 1961 жылы американдық көшбасшы

Джон Кеннедидің бастамасымен құрылған «Бейбітшілік Корпусы» халықаралық еріктілер ұйымының (Peace Corps) құрылуымен байланысты. Аталған ұйым бес елде әлеуметтік көмек қызметін бастап, алты жыл ішінде 14 мыңнан астам еріктілердің қатысуымен 55 елде бағдарламалары әзірленген. Қазіргі уақытта Ұйым шеңберіндегі еріктілер әлемнің 142 елінде білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, қауымдастықтардың экономикалық дамуы сияқты салаларда жұмыс істейтін, жалпы саны 240 мыңнан астам адамды құрайды[4].

Волонтерлық қызмет Францияда, Нидерландыда, Канадада, Жапонияда сынды басқа да көптеген дамыған елдерде кең таралған.

Шетелдік ұйымдарда волонтерлік лагерлер деп аталатын халықаралық алмасудың кең тәжірибесі бар. Әрбір волонтерлік лагерь жұмысының мақсаты-елге (қалаға, ауылға) қандай да бір жобаны іске асыруға жеткілікті қаражат жоқтығына байланысты жобаны жүзеге асыруға көмектесу. Олар әсіресе АҚШ, Англия, Германия, Испания, Франция, Финляндия, Швейцария және т. б. елдерінде танымал.

Шет елдерде волонтерлық түрлі қауымның, әлеуметтің бірге жұмыс жүргізуінен басталатын болса, елімізде бұл қызмет тарихи сипат алатын «Асар» түсінігінен бастау алады.

Ерте кезеңнен бастау алатын «Асар» ұғымы– бұл ерте уақыттағы «көмек сұраған» адамдарға ерікті көмек көрсету түрі. Бұл шақыруға келушілер, қыстақ салуда, той және жерлеу рәсімдерін ұйымдастыруға көмек берген. Асар түрлі жастағы және әр түрлі әлеуметтік статуска ие адамдарды бір істе біріктірген мұқтаж жанға көмек беру. Бұл ерікті көмек беру идеясының таралуындағы алғашқы қадамдар. Ол жеке бір индивидуалдық емес, қоғамдық игілік үшін қажет болған [5].

Тарихи бастауы бар қоғамдық құбылыс елдің барлық аймақтарында жалғасын табуда. Еліміздегі волонтерлық қызметтің маңызы мен қоғамдағы рөлі қазіргі кезде артып, еріктілік әлемдік стандарттарға сәйкес қоғамдық қозғалыс түрін ала бастады.

Елімізде волонтерлық іс-әрекетті қолдау, азаматтарды ерікті болуға тарту мақсатында 2006 жылы 25 шілде Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстандағы азаматтық қоғам 2006-2011 жылдарға арналған дамуының концепциясына» қол қойды. Бұл концепция азаматтық қоғамның ұйымдасуы мен дамуын түрлі коммерциялық емес ұйымдардың ашылумен, мысалға үкіметтік емес ұйымдар секілді ерікті әлеуметті белсенді халықты тартуын қолдайды. Концепция азаматтық қоғам дамуының маңыздылығын көрсеткен.

Елімізде еріктілер қызметінің орны мен статусын белгілеу үшін 2016 жылы 30 желтоқсанда алғаш рет «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында Қазақстан Республикасының Волонтерлық қызмет туралы заңы бекітілді. Заң волонтерлік қызметтің құқықтық негіздерін, мақсаттары мен міндеттерін, қағидаттарын, нысандары мен түрлерін, сондай-ақ оны қолдау шараларын белгілейді.

ҚР Заңында волонтерлік қызмет деп ерікті әлеуметтік бағытталған, ерікті қалауы бойынша орындалатын, жеке және заңды тұлғалардың мүддесін өтеусіз қоғамдық пайдалы қызмет деп көрсетіледі. Заңға сәйкес, волонтерлер ретінде 18 жасқа толған жеке тұлғалар заңды тіркеліп, ұйымдастыру қызметтерін жүзеге асыра алады. Көрсетілген жас мөлшеріне жетпеген азаматтар үшін Волонтерлық қызметті олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтірмейтін, сондай-ақ оқыту үдерісін бұзбайтын жағдайда жүзеге асыра алады; 14 жасқа толмаған жеткіншектер ата-аналарының (өзге заңды өкілдерінің) жазбаша келісімін бере отырып немесе олардың бірлесе жүруімен волонтерлік қызметке қатыса алады. Төтенше жағдайлардың алдын алуға және олардың салдарын жоюға байланысты жұмыстарға тек 18 жастан асқан волонтерлар ғана жіберіледі деп көрсетілген[6].

Бұл заң елімізде волонтерлікті неғұрлым тұрақты, жүйелі дамыту үшін алғаш рет негіз қалады. Осы сәттен бастап волонтерлік бастамалар заңнамалық негізге және шоғырландыруға ие болды.

Волонтерлық іс-әрекет әлі де фрагменттік сипат пен жүйелілікке ие болмауына қара-

мастан, Қазақстан Республикасы азаматтары елдің қайырымдылық және әлеуметтік өміріне белсенді қатысуда. Бұл жөнінде спорт жарыстарын, қайырымдылық марафондарын, емделуі қиын балаларды қолдау бағдарламаларын, балалар үйлері мен онкологиялық бөлімшелерде іске асырылатын жобаларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын еріктілердің сандық көрсеткіштері арқылы айқындалады.

Қазақстанда волонтерлік қызмет үш нысанда жүзеге асырылады:

- 1) жеке волонтерлік қызмет;
- 2) волонтерлер тобының құрамындағы Волонтерлік қызмет;
- 3) волонтерлік ұйым арқылы волонтерлік қызмет саласында жүзеге асырылады.

Қазақстанның Ұлттық волонтерлік желісінің 2019 жылғы United Nations Volunteer және волонтерлікті дамыту жөніндегі сарапшылармен бірлесіп жүргізген зерттеуіне сәйкес елдегі волонтерлікті дамытудағы танымал мәселелер анықталды:

- волонтерлік жобалардың ресурстармен қамтамасыз етілуі немесе жеткіліксіз қамтамасыз етілуі,
- волонтерлік жобаны жүзеге асыру үшін қажетті білімнің болмауы,
- өз жобаларына еріктілерді тартудағы қиындықтар.

Дегенмен, Қазақстанда еріктілердің көмегімен ірі іс-шаралар өтіп жатыр: 2017 жылғы Алматы қаласында өткен қысқы Универсиадаға 3000 волонтер жұмылдырылған, оның ішінде 100-ге жуық волонтер 20 елден, Ресейден, Қытайдан, Кореядан және басқа мемлекеттерден келген шетелдіктер. Ресми ақпарат бойынша еліміздің азаматтары арасынан ерікті ретінде жұмыс жасауға 5000-нан астам адам өтініш қалдырған. Саны бойынша ең көп ерікті жұмылдырған, 5 мың еріктіні бір жерге топтастырған алғашқы іс-шара «ЭКС-ПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі Қазақстанның түкпір-түкпірінен 4,5 мың ерікті және әлемнің 46 елінен 150-ге жуық волонтер жұмыс істеді.

2019 жылдың 26 тамызында Қазақстан Республикасы президенті Қасым-Жомарт

Тоқаев халқына жолдауында 2020 жылды «Волонтерлар жылы» деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойды. Волонтерлар жылында бірқатар жобалар сәтті іске асырыла бастап, қоғам тарапынан қолдауға ие болып, тұрақты түрде жүзеге асырылып келе жатыр. Оларға:

1. «Сабақтастық» - балалар үйінің балаларына көмек көрсету;
2. «Қамқор»- науқастарға күтім көрсету мен қарттар үйінде көмек көрсету;
3. «Білім»-ауыл мектептерінің жоғары сынып оқушыларына ағылшын тілін үйренуге, компьютерлік сауаттылықты оқытуға, ҰБТ –ға дайындауға көмек көрсету;
4. «Таза әлем»- қоршаған ортаны қорғау;
5. «Саулық» -денсаулық сақтау;
6. «Асыл мұра» -рухани -мәдениетті сақтау және дамыту;
7. «Үміт» -техногендік апаттарды, ТЖ жою бойынша жұмыс жасайды[7].

Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірге студенттерді еріктілік қызметке бейімдеу, тарту мақсатында арнайы шәкіртақы мен оқу ақыларына жеңілдіктер жасалынады. Яғни, жеңілдіктің көлемі студенттің ерікті болып жұмыс атқару уақытына байланысты болып табылады. Жас еріктілерді тіркеу және қолдау үшін елімізде Qazvolunteer.kz. ұлттық желісі онлайн форматта жұмыс жасайды.

Студенттік жастардың ерікті болуға қызығушылығын, мотивтерін білу мақсатында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенттерінен **«Жастардың волонтерлық іс-әрекетке көзқарасы»** атты сауалнама алынды.

Сауалнамаға бакалавриат, магистратура және докторантурада білім алушы 58 студент: 75,9% әйел, 24,1% ер адам қатысты. Сауалнама мазмұны 11 тақырыпқа сай сұрақтан тұрады. Жас категориясы бойынша 19-21 жас-15,5 %, 21-25 жастағы-51,7%, 26 жастан жоғары-32,8% білім алушыларды қамтыды. *«Волонтерлық қызмет деген не екенін білесіз бе?»* деген сұраққа 87,9% -иә, 5,2%-жоқ, 4%-жауап беруге қиналамын; *«Волонтерлық қызметті өзіңіз қалай түсінесіз? Бұл сұраққа жауап, егер сіз ал-*

дыңғыға «иә» деп жауап берсеңіз ғана беріледі)» - адамдарға көмек түрі, риясыз қызмет ету, ешнәрсе күтпей көмектесу, жан-жануарға көмек, тегін еңбек күші, қоғамға тегін еңбек ету түрі, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек, мейрімділік түрі, адамзат парызы сынды жауаптар берілген; «Сіз Қазақстанда орналасқан қандай волонтерлық ұйымдарды білесіз?» - Аман келешек, Азамат әлеуеті, Лига волонтеров, Харекет қоры, Аялы алақан, Панасыз жануарларды қолдау ұйымы, Милосердие, Команда SOS, Котопес, Асар, Жылы жүрек, Клуб добряков, Дәулеттен қоры, Астана жастары волонтері, Белый Бим, Мейірім, Asar-ume, Қызыл жарты ай- ұйымдарын көрсеткен; «Волонтерлық қызметпен айналысып көрдіңіз бе?» - 46,6%- жоқ, ешқашан айналысып көрмедім, 8,6%-иә, қазіргі таңда ерікті болып жұмыс жасаймын, 44,8%-иә, тәжірибем бар; «Қандай салада ерікті болғыңыз келеді?»-әлеуметтік әлсіз отбасыларға көмек, экологиялық бағытта, қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру, жеткіншектерге психологиялық-эмоционалдық жағынан көмек беру, жануарларға көмек, жетімдер үйінің тәрбиеленушілеріне, білім беруді дамыту саласында, спорттық салада, қарттарға көмекпен айналысу; «Егер сіз ешқашан ерікті болмасаңыз, себебін көрсетіңіз»-21,7%-ешқашан ойланбаппын, 52,5%-уақытым жоқ, 25,8%- қызық емес; «Еріктінің бойында қандай қасиеттер болуы керек?»-төзім, эмпатия, құрмет, мейірімділік, адамгершілік, жауапкершілік, еңбекқорлық, белсенділік, шынайылық, шыншылдық, әділеттілік, қалау, кеңпейілділік т.б.; «Адамды ерікті болуға не ын-

таландырады» -77,6%- адамдарға көмек беруге деген талпыныс, 4%- бос уақыттың көптігі, 18,4%-әлеуметтік мақұлдау, «Сіздің ойыңызша, волонтерлік қызмет қазір өзекті ме?»- 92,9%-иә, 1,8% -жоқ, 5,4%-жауап беруге қиналамын деп жауап берген(Сурет 1,2).


Жоғарыда көрсетілген сауалнама нәтижесінен Қазақстан Республикасының жастары тарапынан еріктілік қызметке деген қызығушылық байқалды, осы саланы жандандыру, дамыту жолдарына ұсыныстар көрсетілді. Ұлттық волонтерлар орталығының статистикасына сүйенер болсақ, қазір Қазақстанда еріктілер қозғалысы өте қарқынды дамып келе жатыр, егер 2017 жылы 100-ге жуық ұйым белсенді жұмыс істесе, 2021 жылғы қаңтар айындағы мәлімет бойынша 200-ден астам ұйым өздерінің волонтерлік қызметін жүзеге асырып келеді.

Қорытынды

2020 жылғы әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша волонтерлық тәжірибесі бар адамдардың 22% әлеуметтік бағытта қызмет ететін мамандарды көрсеткен. Бұл бағытқа әлеуметтік әлсіз топтарға: тұрмысы төмен отбасыларға, қарт адамдарға көмек көрсету, сондай-ақ медициналық қажеттіліктерге қаражат жинауға көмек көрсету кірген. Сол үшін әлеуметтік салада білім алушы студенттерді еріктілік іс -әрекетке жұмылдыру, болашақ маман ретінде жұмысында төзімділік, құрмет, эмпатия сынды қабілеттерді меңгеруге көмектеседі. Тәжірибе көрсеткендей, ерікті

Сурет 1

Как Вы думаете, актуальна ли сейчас волонтерская деятельность?
56 ответов




«Волонтерлық қызмет өзекті ме?» сұрағының жауабы

Сурет 2

Знаете ли Вы, что такое волонтерская деятельность?

638 ответов



«Волонтерлық қызметтің не екенін білесіз бе?» сұрағының жауабы

болып тәжірибе жинаған жастардың мақсаты айқын, азаматтық ұстанымдары берік қалыптасқан, ісіне адал, жауапкершілік алуға дайын болады. Студент жастардың қоғамдық қозғалыстарға қатысуы оған жаңа білім алуға, әлеуметтік жобаларды басқару тәжірибе жинақтауға, топта, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын

дамытуға, өз қызметінің түпкі нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді. Осыларды ескеріп, волонтерлік қызметтің маңыздылығын көрсете отырып, Қазақстан Республикасындағы осы қызметті дамытуда жоғарыда көрсетілген шетелдің тәжірибелері маңызды орын алады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. 5. – Алматы: Ғылым, 2000.
2. Всеобщая Декларация Добровольчества, 2001. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.volunteers.kz/zakonodatelnaya-baza/vseobshchaya-deklaratsiya-dobrovolchestva> (дата обращения 03.01.2021).
3. Лучшие практики добровольчества. Фонд «Созидание» [сайт] [Электронный ресурс]. - URL: <http://www.volunteersector.ru> (дата обращения 03.01.2021).
4. Волонтерское движение // ADOLESMED. ru – портал для специалистов, работающих в сфере подросткового здоровья и медицины. [Электрон. ресурс]. URL: <http://www.adolesmed.ru/volunteers.html> (дата обращения: 02.01.2021).
5. Нурбекова Ж.А., Айдаркулова Ж.У. // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2011.
6. Қазақстан Республикасының Волонтерлық қызмет туралы заңы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000042> (дата обращения: 02.01.2021).
7. Волонтер болу — мамандықтан үлкен дүние: [Электронный ресурс]. - 2021. – URL: <https://kazvolunteer.kz/kk> (дата обращения: 05.01.2021).

А.Б. Әзімбек, Т.С. Сламбекова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Волонтерская деятельность: зарубежный и казахстанский опыт

Аннотация. В статье на основе теоретического и эмпирического анализа рассматривается казахстанский и зарубежный опыт волонтерского движения, описываются современные проблемы организации в Республике Казахстан, определяются отношение молодежи к волонтерству и перспективы его дальней-

шего развития. Рассмотрены история возникновения, тенденции развития волонтерской деятельности, правовое регулирование, деятельность международных волонтерских организаций, феномен волонтерства за рубежом.

Посредством обсуждения мировых законодательных документов были показаны роль и место волонтерской деятельности в стране и мире. Проанализирована деятельность волонтерских организаций, организованных под эгидой Всемирной организации ООН и ЮНЕСКО. Раскрывается сущность понятия «Асар» как начала возникновения и развития данного движения в стране, указываются этапы его развития.

В ходе исследования применялись теоретические, эмпирические методы (анкетирование, анкетирование), результаты которых определялись контентным анализом. Данные результаты были проанализированы и прокомментированы.

Ключевые слова: волонтерство, «Асар», гражданское общество, социальная помощь, социальная поддержка.

A. Azimbek, T. Slambekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Volunteer activity-foreign and Kazakhstani experience

Abstract. The article examines the Kazakhstan and foreign experience of the volunteer movement, describes the current problems of the organization in the Republic of Kazakhstan, determines the attitude of young people to volunteerism and the prospects for its further development based on theoretical and empirical analysis. The article considers the history of the emergence, trends in the development of volunteer activity, legal regulation, the activities of international volunteer organizations, the phenomenon of volunteerism abroad.

The discussion of the world's legislative documents showed the role and place of volunteer activity in the world and in the country. The article analyzes activities of volunteer organizations organized under the auspices of the UN World Organization and UNESCO. The article reveals the essence of the concept of «Asar» as the beginning of the emergence and development of this movement in the country. There are indicated the stages of its development.

In the course of the study, theoretical and empirical methods (questionnaires, questionnaires) were used, the results of which were determined by content analysis. There were analyzed and commented on the results of the study.

Keywords: volunteerism, asar, civil society, social assistance, social support.

References

1. Қазақ тілінin тусindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. Vol.5 (Gylm, Almaty, 2000).
2. Vseobshhaja Deklaracija Dobrovol'chestva [Electronic resource] [The Universal Declaration of Good Deeds] 2001. Available at: <http://www.volunteers.kz/zakonodatelnaya-baza/vseobshchaya-deklaratsiya-dobrovolchestva> (Accessed: 03.01.2021).
3. Luchshie praktiki dobrovol'chestva. Fond «Sozidanie» [saït] [The best practices of volunteering] Foundation«Creation»[website][Electronicresource].URL:<http://www.volunteersector.ru>(Accessed:03.01.2021).
4. Volonterskoe dvizhenie [Volunteer movement], ADOLESMED. ru – portal dlja specialistov, rabotajushhih v sfere podrostkovogo zdorov'ja i mediciny [ADOLESMED. ru portal for specialists working in the field of adolescent health and medicine]. [Electronic resource] Available at: <http://www.adolesmed.ru/volunteers.html>. (Accessed:02.01.2021).
5. Nurbekova Zh.A., Ajdarkulova Zh.U. ҚазҰУ Хабаршысы [Bulletin Of KazNU], 2011.
6. Қазақстан Республикасынын Волонтерлік қызмет туралы заңы [The Law of the Republic of Kazakhstan on Volunteer Activities].
7. Волонтер болу — мамандыктан ылкен диние [Becoming a volunteer is more than a profession] [Electronic resource] - 2021. Available at: <https://qazvolunteer.kz/kk> (Accessed: 05.01.2021).

Авторлар туралы мәлімет:

Әзімбек А.Б. – корреспондентия үшін автор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 8D01823- «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2 курс докторанты А.Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сламбекова Т.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессор м.а., А.Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Azimbek A.B. – **Corresponding author**, the 2nd year Ph.D. student of the specialty 8D01823 - «Social pedagogy and self-knowledge» of the Eurasian National University after named L. N. Gumilyova Kazakhstan, Nur-Sultan, A. Yanushkevich str. 6.

Slambekova T.S. – Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Professor of the Department of Social Pedagogy and Self-Knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, A. Yanushkevich str. 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.